


VR SHINECON

ВИРТУАЛДЫ ШЫНАЙЛЫҚ КӨЗІЛДІРГІ


Пайдаланушының нұсқаулығы



Құрылғының схемасы





Құрылғыны пайдалану



1 Бейне тестілеуді өткізіңіз
Google Play Market немесе App Store-ға кіріп, қажетті VR қосымшасын таңдаңыз және орнатыңыз (мұны Wi-Fi қосылымын пайдаланып жасаған дұрыс). Содан кейін құрылғы экраны екіге бөлінетінін және мазмұның қалыпты ойнайтынын тексеру үшін бейнені немесе ойынды жүктеніз.

2 Смартфонды орнату

Смартфонды оң жақтағы суретте көрсетілгендей VR гарнитурасына салыңыз. Смартфон экранының ортасында екеніне көз жеткізіңіз. Экранды дұрыс бағытта реттеңіз.



3 Баптау

Құрылғыны мүмкіндігінше ыңғайлы ету үшін қарашыққа дейінгі қашықтықты және фокустық қашықтығын реттеңіз. Фокустық қашықтықты орнату алыстан нашар көретін адамдарға құрылғыны пайдалануға мүмкіндік береді.


4 Ойын процесі

VR ойындары кезінде басқарудың 2 әдісі бар:


A: VR ойын процессорын смартфонның гироскопымен басқаруға болады (оң жақтағы суретте көрсетілгендей).

B: VR геймплейін Bluetooth манипуляторы арқылы басқаруға болады, ол 360° айналдыруға және бұрылуға мүмкіндік береді.

Ескерту: VR ойындарының көпшілігінде смартфон гироскопын басқару үшін қолданылады. Сізге манипулятор қажет пе, жоқ па, соны білу үшін ойын талаптары мен кеңестерін қараңыз.



VR Shinecon SC-G05C сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.



Пайдаланушының нұсқаулығы



VR көзілдіргі

Назар аудару:

VR көзілдіргінде ұзақ уақыт болу сіздің көру қабілетіңізге теріс әсер етуі мүмкін, үздіксіз пайдаланудың ұсынылатын уақыты 30 минуттан аспайды. Көруге ыңғайлы болу үшін орындықтың артқы жағын 60° бұрышпен орнату ұсынылады.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-ден 40 °C дейінгі ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият ұстауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соқылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорындан алуға болады.



Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілді мерзім ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді мерзім бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді қызмет көрсетуге кепілді мерзім ішінде тұтынушының кесірінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Шайнкон Индастриал Ко., ЛТД.
Шибэй тас жолы №9, Танли Фэнган, Дунгуань к., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.
Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы Нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.